ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ

KORKYT ATA UNIVERSITY

https://korkyt.edu.kz/

СЫР ТҮЛЕГІ

жастар газеті

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№9 (463) 17 қараша, 2026 жыл



Қымбатты студенттер!

Сіздерді 17 қараша – Халықаралық студенттер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Студенттік шақ – арманға қанат бітіріп, біліммен биіктерді бағындыратын, жаңа идеялар мен тың бастамаларға жол ашатын ерекше уақыт. Бүгінгі ізденіс пен талпыныс – ертеңгі үлкен жетістіктердің бастауы, мақсатқа жету жолындағы тамаша мүмкіндік.

Жаңа оқу жылында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің үлкен отбасы 3411 жаңа білім алушымен толықты. Бұл – жастардың біздің университетке деген сенімі мен үмітінің айқын көрінісі әрі ұжымға жүктелген үлкен жауапкершілік. Ендігі жерде университет қабырғасында сапалы білім алып, таңдаған мамандықтарыңыздың білікті иесі болуға ұмтылыңыздар. Ғылыммен айналысып, шығармашылық қабілеттеріңізді шыңдап, спортта биік белестерді бағындыруға ұмтылыңыздар. Өйткені елдің ертеңі – сапалы білім алған, бәсекеге қабілетті, жаңашыл ойлайтын жастардың қолында.

Сіздердің әрбір жетістіктеріңіз бен бастамаларыңыз біз үшін маңызды. Университетіміздің мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, өздеріңізді жаңа қырларыңыздан таныта беріңіздер!

Білім мен ғылым жолында жолдарыңыз ашық, бағындырар шыңдарыңыз биік, студенттік шақтарыңыз қызық оқиғаларға толы болсын! Мерекелеріңіз құтты болсын, жас достар!

Ізгі тілекпен,
Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті
Басқарма төрағасы – Ректоры
Наурызбай БАЙҚАДАМОВ

17 ҚАРАША - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТУДЕНТТЕР КҮНІ



САХНАДАҒЫ СЕНІМДІ СОМДАЛҒАН БЕЙНЕ

Қоғамдағы өзекті мәселелерді сахна тілімен жеткізу – үлкен жауапкершілік пен шеберлікті талап етеді. Осы міндетті мақсат еткен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Жауқазын» студенттік театры көрермен назарына «Сенің кезегің…» атты авторлық трагедиясын ұсынды. «Заң мен тәртіп» қағидаттары аясында сахналанған қойылымның негізгі өзегі – лудомания, интернет алаяқтық, тұрмыстық зорлық-зомбылық. Спектакльде бұл кеселдердің адам өміріне, отбасылық қарым-қатынасқа және болашаққа тигізетін зардабы көрініс тапты. Арам ақшаға қызығу, оңай олжаға ұмтылу, жауапсыз шешімдердің соңы адамды қандай күйге түсіретінін актерлер көрерменге әсерлі жеткізе білді.

Қойылым барысында ерекше назар аудартқан бейнелердің бірі – Айымжан сомдаған мүмкіндігі шектеулі қыздың рөлі. Жас актриса кейіпкерінің жан дүниесін, сезімін, ішкі толғанысын сахнада нанымды көрсете алды. Оның әрбір қимылы мен кейіпкер болмысына сай әрекеті көрерменді бейжай қалдырмады. Айта кету керек, мұндай кейіпкерді сомдау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өйткені бұл рөл сыртқы әрекетті ғана емес, кейіпкердің ішкі әлемін түсінуді, оның сезімін жүрекпен сезініп, көрерменге нанымды жеткізуді талап етеді. Осыған дейін де бірнеше маңызды рөлдерді сомдап жүрген Айымжан осы жауапкершілікті абыроймен атқарып, көрермен сеніміне ие бола білді.

– Режиссер осы рөлді ұсынған кезде іштей ерекше бір қорқыныш болғаны рас. «Мен бұл рөлді жан дүниеме толық сіңіріп, алып шыға аламын ба?» деген күдік мазалады. Өйткені менің актриса ретіндегі ізденісім, өзімді дамыту жолындағы барлық мақсаттарым осы рөлмен тығыз байланысып жатқандай көрінді. Десе де, тәуекел етіп келістім де, дайындыққа кірісіп кеттік. Дайындық барысындағы бір қызық әрі әсерлі сәт — әріптестерімнің көз жасы еді. Репетиция кезінде менің рөлімді ойнауымда біздің театр әртістерінің көзіне жас алып қалып жатқанын көріп: «Демек, мен бұл бейненің жан дүниесін бере алдым, көрерменге жеткізе алдым» деген ойға келдім. Бұл маған үлкен күш беріп, өзімді қанағаттандырды,- дейді Айымжан Нұрлыбайқызы.

Алайда уақыт өте келе Айымжанға бұл рөл эмоционалды тұрғыдан өте ауыр тие бастаған. Тіпті ұйықтаса да түсіне кіріп, ойланса да тек осы рөлді ғана ескен алатын болған. Тіпті басқа ешнәрсеге қызықпай, тек кейіпкерін дамыту, оның жан айқайын жеткізуді ғана ойлап тұрған. Соның салдарынан қажып кетіп, «бұл рөлден бас тартсам қайтеді» деген кездері де болғанын жасырмады.

Жалғасы 2-бетте

Құттықтаймыз!

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің бірқатар профессор-оқытушылары жоғары кәсіби жетістіктер төрінен көрінді! Ғылым мен білім жолындағы табанды ізденістері мен қажырлы еңбектері бағаланған марапат иелерін шын жүректен құттықтаймыз!

1.ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қаныш Сәтбаев» медалімен «Инжинирингтік технологиялар» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының кандидаты Панабек Таңжарықов және «Жоғары білім беру саласына қосқан үлесі үшін» медалімен «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Шарбан Майгелдиева марапатталды.

2.Үстіміздегі жылдың 30 қазанында Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде «Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы Райхан Шегенбаева 6D072900 – «Құрылыс» мамандығы бойынша «Ғимараттар мен құрылыстарға сейсмикалық әсерді төмендетуге арналған топырақ жастықтары түріндегі геотехникалық сейсмикалық оқшаулау» тақырыбында және 10 қарашасында «Дизайн және технологиялар» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы Ағабек Назаров Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында «8D02108 – Сәндік өнер» білім беру бағдарламасы бойынша «Арал маңы ортағасырлық қоныстарының сәндік архетиптік үлгілерінің классификациясы: ою-өрнектерінің символдық мәні мен мәдени контексттері» тақырыбында PhD диссертацияларын сәтті қорғады.

Құрметті әріптестер! Ғылым жолындағы жаңа жетістіктеріңіздің жемісін көре беріңіздер! Еңбектеріңіз еленіп, мерейлеріңіз үстем болған айтулы сәт тағы да құтты болсын!

СТ Ақпарат

ҚҰРЫЛЫС – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік нысандар құрылысын жандандыру және ел экономикасының ұзақ мерзімді орнықты өсуіне жағдай жасау мәселелеріне айрықша назар аударылды. Президенттің 2027 жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялау жөніндегі бастамасы – осы бағыттағы мемлекеттік саясаттың стратегиялық маңызын айқындайтын шешім.

Құрылыс саласын дамытуға басымдық берілуінің мәні тереңде. Өйткені құрылыс – экономиканың көптеген саласын өзара байланыстыратын, инвестициялық белсенділікті арттыратын, жаңа жұмыс орындарын қалыптастыратын және халықтың өмір сүру сапасына тікелей ықпал ететін маңызды сектор. Заманауи инфрақұрылым елдің өндірістік әлеуетін арттырып қана қоймай, білім беру, ғылым, мәдениет, медицина және қоғамдық қызметтердің қолжетімділігін кеңейтеді. Осы тұрғыдан алғанда, құрылысқа салынған инвестицияны бүгінгі қажеттілікті өтеумен шектелмейтін, болашақ ұрпақтың игілігіне бағытталған ұзақ мерзімді капитал ретінде қарастыруымыз қажет.

Бұл міндеттерді іске асыруда өңірлердің даму қарқыны мен нақты нәтижелері ерекше мәнге ие. Осы тұрғыда Сыр өңірінің соңғы жылдардағы өзгерістері назар аударуға тұрарлық. Қызылорда облысы тарихи-мәдени мұраны сақтаумен қатар, заманауи инфрақұрылымды дамытуға, әлеуметтік нысандарды жаңғыртуға және тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға басымдық беріп келеді. Мемлекет басшысының өңірге үш мәрте жұмыс сапарымен келуі және Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайда аймақтың даму көрсеткіштеріне арнайы тоқталуы – Сыр еліндегі өзгерістердің республикалық деңгейдегі маңызын айқындайды.

Атап айтқанда, Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Мемлекет басшысы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына, оның ішінде инфрақұрылымдық жаңғыруына ерекше назар аударды. Соңғы үш жылда облыста 34 білім беру, 45 мәдениет және спорт, 40 медицина нысаны салынғанын атап өтті. Президент тапсырмасына сәйкес, қазіргі таңда тәулік бойы жұмыс істейтін Президенттік кітапхана мен жаңа драма театрдың, 300 орындық көпбейінді ауруханының, 500 орындық емхана мен 200 орындық перзентхананың құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Мұндай ауқымды жобалар өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымын жаңа деңгейге көтеріп, тұрғындардың сапалы білім мен медициналық қызметке, мәдени-рухани игіліктерге қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Ең бастысы, құрылыс жұмыстарының қарқынды жүруі аймақтың дамуында оң динамика қалыптасқанын көрсетеді. Бұл – Мемлекет басшысы айқындаған міндеттердің өңірлік деңгейде жүйелі жүзеге асырылып, мемлекеттік бастамалардың нақты нәтижелерге ұласып келе жатқанының көрінісі.

Сыр өңіріндегі құрылыс пен жаңғыру жұмыстарының бүгінгі қарқыны басқарушылық сабақтастықтың, жүйелі жоспарлаудың және мемлекеттік қолдаудың маңызын да көрсетеді. Бірқатар ірі жобалардың негізі қазіргі ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев облыс әкімі қызметін атқарған кезеңде қаланып, бүгінгі облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың басшылығымен жалғасын табуда. Бұл – өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған бастамалардың сабақтастық қағидаты негізінде жүзеге асырылып, ұзақ мерзімді нәтижеге бағдарланғанын аңғартады.

Өңірдегі ауқымды жаңғыру үдерісінің маңызды бөлігі – білім мен ғылым инфрақұрылымын дамыту. Осы ретте жаңадан бой көтерген Инжинирингтік парктің орны ерекше. Орталық еңбек нарығының сұранысына сай білікті мамандар даярлауға бағытталған, заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген ғылыми-зерттеу алаңы болмақ. Мұнда студенттер соңғы үлгідегі технологияларды меңгеріп, практикалық дағдыларын жетілдіруге, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге және инновациялық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Жалпы, құрылыс саласына берілген басымдықтың мәні де осында. Бүгін бой көтерген әрбір әлеуметтік, өндірістік және білім беру нысаны – ертеңгі экономикалық өсімнің, қоғамдық дамудың және халықтың өмір сүру сапасының негізі. Сондықтан құрылыс нәтижесін тек салынған ғимараттардың санымен емес, олардың қоғамға әкелетін нақты пайдасымен, экономикалық және әлеуметтік тиімділігімен бағалау маңызды.

Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті
Басқарма төрағасы – Ректоры
Наурызбай Байқадамов
(Facebook парақшасынан алынды)

Басы 1-бетте

САХНАДАҒЫ СЕНІМДІ СОМДАЛҒАН БЕЙНЕ



– Қойылым режиссері Маулен Ақниет: «Саған бұл рөл ауыр болып кетсе, мен сені босатамын, егер мүлдем ойнағың келмесе, қинамаймын» деді. Алайда дәл сол сәтте іштей терең ойға батып, «Егер мен осындай мүмкіндігі шектеулі, тағдыры күрделі жанның образын сомдап шыға алсам – демек, менің қолымнан әлі талай дүниелер келеді, әлі талай биіктерді бағындыра алармын» дедім. Нәтижесінде, барлық қиындықты жеңіп, бұл рөлді толық ойнап шықтым. Көрерменнің де ықыласына ерекше бөленіп, халықтың көзіне жас үйіріп, олардың жүрегін мойындата алдым деп сенемін. Бұл– үлкен бақыт. Енді бұйырса, осы рөліммен елордамыз – Астана халқын да мойындатамын деген үлкен мақсатым мен сенімім бар!,- дейді Х-23-1 оқу тобының студенті Пернебай Айымжан.

Бұл – жас актрисаның ізденісі мен рөлге деген жауапкершілігін танытатын тұс. Жалпы, қойылым көрерменге дайын жауап ұсынған жоқ, керісінше, әр адамды өз әрекетіне үңіліп, өмірлік таңдауларына жауапкершілікпен қарауға жетеледі. Құмар ойынның арбауына түспеу, адал еңбекпен өмір сүру, отбасының қадірін білу сынды құндылықтардың маңызын тағы бір мәрте еске салды.

Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары басқармасының әдіскері, “Жауқазын” студенттік театрының жетекшісі Маулен Ақниет Қайратқызының шығармашылық ізденісімен дүниеге келген қойылым студенттердің сахналық әлеуетін ғана емес, қоғамдағы күрделі мәселелерге деген азаматтық көзқарасын да танытты.

– «Сенің кезегің...» пьесасын жазудағы басты мақсатым – бүгінгі қоғамда белең алып, көпшілікті алаңдатып отырған әлеуметтік мәселелерді сахна тілімен жеткізу. Қоғамда орын алып жатқан лудомания, интернет алаяқтық, зорлық-зомбылық және басқа да келеңсіз жағдайлар – жеке адамның ғана емес, тұтас отбасы мен қоғамның мәселесі. Осы құбылыстардың астарында жатқан себептер мен салдарды, адам тағдырына тигізетін ауыр зардабын көрерменге көрсетуге тырыстым. Мен үшін бұл шығарманың маңызы – көрерменді бейжай қалдырмау. Әрбір оқиға арқылы адамды өз әрекетіне, таңдауына және жауапкершілігіне үңілуге шақыру. Өйткені театр – қоғамның айнасы,- дейді ол.

Өнердің құдіреті–көрерменнің жүрегінде ой қалдыруда. «Сенің кезегің…» трагедиясы осы тұрғыдан алғанда, көрерменге ой салған тағылымды туынды болды.

Жансая ЕЛУБАЙҚЫЗЫ



МЕРЕЙІ ҮСТЕМ МЕРЕЙ

Жалғас Мерей Нұрланқызы – Қызылорда қаласы, Сырдария ауданына қарасты Қоғалыкөл ауылының тумасы, сондағы №44 орта мектептің түлегі. Ол мектеп қабырғасында жүрген жылдары-ақ туған өлкенің тарихын зерттеп, тарихи тұлғалардың өмірі мен мұрасына үңіле бастаған. Әсіресе қазақтың тұңғыш кәсіби театр суретшілерінің бірі, сән және қолданбалы өнер шебері, КСРО Суретшілер одағының мүшесі Ләтипа Қожықова және оның балалары туралы зерттеулерге ден қоюы жас Мерейдің таным көкжиегін кеңейте түсті.

Тоғызыншы сыныптан кейін М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжіне оқуға түскенімен, кейін өз таңдауын қайта саралап, мектепке оралуға шешім қабылдайды. Бұл шешім оның өміріндегі маңызды бетбұрыстың бірі болды. Нәтижесінде мектепті «Алтын белгімен» аяқтап, ҰБТ-дан 133 балл жинайды. Осылайша мемлекеттік білім грантын жеңіп алған ол – бүгінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің КЯЛ-23-5 оқу тобының студенті.

М.Нұрланқызы ұстаздарынан алған білімді ғылыми ізденіспен ұштастырып келеді. Екі жыл қатарынан Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын иеленуі де оның оқу мен ғылымға деген жауапкершілігін көрсетеді. Жас зерттеушінің ғылыми ортадағы алғашқы қадамдары да нәтижесіз емес. Бірінші курста университет қабырғасында өткен студенттік ғылыми конференцияның «Жастар және ғылым» секциясында жүлделі II орынға ие болды. Ал 2-курста «Қазақ тіл білімі, әдебиеттану мен қазақ журналистикасының өзекті мәселелері» секциясында I дәрежелі дипломмен марапатталды.

– Үшінші курс мен үшін ерекше есте қалды. Үш жыл бойы күткен нәтижеме қол жеткізіп, институтішілік кезеңде де I орын иелендім. Бұл жетістіктің артында табандылықпен қатар, ғылыми жетекшім филология ғылымдарының кандидаты Күлдірсін Сарышова апайымның бағыт-бағдары мен қолдауы тұр. Мен ол кісіге алғысымды айтамын,- деді ұстазының еңбегін ерекше бағалайтын Мерей.



Оның айтуынша, ғылыми жетекшісі зерттеу тақырыбына терең үңілуге, әр ойды дәлелдеуге және қалыптасқан тұжырымдарға сын көзбен қарауға үйреткен. Өйткені Мерей күрделі «Абай концептосферасындағы «толық адам» моделінің қазіргі ғылыми тұжырымдармен сабақтастығы» тақырыбын таңдаған еді. Зерттеу барысында ұлы ойшылдың 15, 17 және 31-қарасөздеріндегі философиялық пайымдауларды психолог Дэниел Канеман, нейробиолог Антонио Дамасио, психолог-экспериментатор Герман Эббингауз секілді әлемдік ғалымдардың теорияларымен салыстыра отырып талдаған. Бұл – ұлттық ойлау жүйесі мен заманауи когнитивті ғылым арасындағы байланысты зерделеуге бағытталған ізденіс. Абайдың адам болмысы, ақыл, қайрат, жүрек туралы толғаныстарын бүгінгі ғылым тұрғысынан қарастыруы жас зерттеушінің тақырыпқа терең әрі тың көзқараспен келгенін аңғартады. Сондай-ақ Мерейдің дипломдық жұмысының тақырыбы да қызықты: «Кемел Тоқаев детективіндегі өмір шындығы». Осылайша ол қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының ерекшеліктерін зерделеп, оқырманға беймәлім қырларын ашуды көздейді.

Болашақ қызыл диплом иегері 3 жылдан бері JUZ40 білім беру орталығында жұмыс істеп, оқушыларды ҰБТ-ға дайындауға атсалысып жүр. Олардың жоғары нәтижеге қол жеткізуіне үлес қосып, білімге деген сенімін арттыруды маңызды міндет санайды. Тіпті шәкірттерінің арасынан ҰБТ-дан 140 балдың 140-ын жинаған түлектердің шығуына да еңбегі сіңген. Орталықтың негізін қалаушы Жұлдызай Мұсаеваның алғыс хатымен марапатталуы – оның ұстаздық бағыттағы еңбегіне берілген үлкен бағалардың бірі. Ал 133 балл жинаған Мерейдің бүгінгі ғылыми ізденісі мен шәкірт тәрбиелеуге қосқан үлесі – білімге ұмтылған жасқа үлгі боларлық еңбек. Өйткені биік мақсатқа жету үшін тек арман жеткіліксіз. Оған апарар жолда табандылық, еңбек және өзіңе деген сенім болуы керек. Жалғас Мерейдің бүгінгі қадамы осыны дәлелдейді.

Жансая ЖҮНІСОВА

БІР БӨЛМЕНІҢ ЦИФРЛЫҚ ЕГІЗІН ЖАСАҒЫМ КЕЛЕДІ

Бүгінде үйіңіздің жарығын қосу, бөлме температурасын реттеу, пердені ашу немесе тұрмыстық құрылғыларды басқару үшін орныңыздан тұрудың қажеті жоқ. Тіпті бөлмеңізде не болып жатқанын қашықтықтан бақылап, барлық процесті бір құрылғы арқылы басқара аласыз. Бір қарағанда, бұл ақылға қонымсыз, фантастикалық фильмдердегі көрініс секілді. Алайда бүгінгі технология мұндай мүмкіндіктерді шындыққа айналдырып келеді. Ал осы бағытта ізденіп жүрген жастардың бірі – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Жасанды интеллект институты ISAI-25-1 студенті Нариман Сүгірәлиев.

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Алдашбай ахун ауылдық округіндегі №111 орта мектептің түлегі бала кезінен техниканың тілін түсінуге, жаңа дүниелерді жасап көруге қызығушылық танытқан. Бүгінде сол қызығушылығы нақты жобаға ұласып, ол интернет заттары (IoT) технологиясы бойынша жұмыс істеп жүр.

Нариманның қазіргі мақсаты – бір бөлменің цифрлық егізін жасау. Цифрлық егіз дегеніміз – шынайы нысанның виртуалды ортадағы сандық көшірмесі. Яғни нақты бөлмедегі құрылғылар мен процестерді цифрлық кеңістікте бейнелеп, олардың жұмысын бақылауға және басқаруға мүмкіндік беретін жүйе. Жобаны жалғыз жасау оңай емес. Сондықтан Нариман алты студенттен



құралған командамен бірге еңбек етіп келеді. Олардың әрқайсысының өз міндеті бар. Бірі техникалық құрылғылармен айналысса, енді бірі жүйенің жұмысын жетілдіруге атсалысады. Ал жобаның ең күрделі тұстарының бірі – бағдарламалық код жазу. Кез келген құрылғыны іске қосу үшін оның артында күрделі алгоритм мен нақты жазылған код тұрады. Құрылғылардың бір-бірімен байланысуы, берілген команданы дұрыс орындауы, жүйенің үздіксіз жұмыс істеуі – бәрі де бағдарламалауға тәуелді. Сондықтан команда үшін код жазу – ең жауапты әрі көп ізденісті талап ететін кезеңдердің бірі. Жас зерттеуші:

– Жұмысыма жетекшілік етіп, ақылкеңесін беріп жүретін институт директоры Нұрлан Құлмырзаевтан үйренерім көп. Ағайымның берген бағыт-бағдары мен тәжірибесі жобаның дамуына үлкен септігін тигізуде...»,- дейді Нариман.

Студентіміздің айналысып жүрген IoT технологиясы – бүгінгі цифрландыру дәуіріндегі ең өзекті бағыттардың бірі. Ол арқылы интернетке қосылған құрылғылар бір-бірімен ақпарат алмасып, белгілі бір әрекеттерді адамның тікелей қатысуынсыз орындай алады. Мұндай технологиялар ақылды үйлерде ғана емес, өндірісте, ауыл шаруашылығында, медицинада және басқа да көптеген салада қолданылады.

Ал осы жолда дайын технологияны пайдаланумен шектелмей, өз қолдарымен жаңа жүйе жасап, оның мүмкіндігін жетілдіріп жатқан Нариман мен командасына сәттілік тілейміз. Кім білсін, бәлкім, бір кездері Калифорнияның Менло-Парк қаласындағы шағын гараждан бастау алған Google компаниясының екінші дәуірі дәл осы институт қабырғасындағы жас зерттеушінің қарапайым ғана зертханаға арналған бөлмесінен бастау алатын шығар. Өйткені ұлы жаңалықтардың бастауы – асқақ арман мен тоқтаусыз ізденіс тоғысқан жерде дүниеге келмей ме?

Жансая ЖҮНІСОВА

ҚҰРАЛАЙДЫ КӨЗГЕ АТАТЫН КӨЗМЕРГЕН

Спортта жеңіске жету үшін тек мергендік аздық етеді. Оған қоса темірдей тәртіп, төзім, сабыр мен өзіңе деген сенім қажет. Әсіресе нысана көздеуде бір сәттік шешім мен дәлдіктің өзі жеңістің тағдырын шешеді. Осындай қасиеттерді бойына жинаған жас спортшылардың бірі – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ИСС-23-1 оқу тобының студенті Асылхан Айсалбаев.

Асылхан – алдына мақсат қойса, оған жетпей тынбайтын, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын азамат. Оның бойындағы табандылық пен қарапайымдылық бір-бірімен үйлесім тапқан. Үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсете білетін, әрдайым ізденіс үстінде жүретін жас жігіттің тәрбиесінен ата-анасының өнегесі мен спорттағы ұстаздарының еңбегі анық байқалады.

Қазан айының 18-28 жұлдызы аралығында ол Шымкент қаласындағы «Shymkent Shooting Plaza» ату кешенінде өткен халықаралық турнирде жеңіспен оралды. Кеңес Одағының спорт шебері Владимир Почиваловты еске алуға арналған нысана көздеу және стенд атудан XXXV халықаралық ISSF Grand Prix турниріне әлемнің 14 елінен 221 спортшы қатысқан болатын. Ауқымды додада университет студенті 21 жасқа дейінгі спортшылар арасында командалық есепте топ жарып, алтын медаль иеленді. Сондай-ақ аралас командалық «Микс» сайысында да қарсыластарынан оқ бойы озып, екінші алтынға қол жеткізді.

Ал 2024 жылдың шілде айында АҚШ-тағы стенд атудан «Гран-при» турнирі мен «Perazzi Cup» додасында Қазақстан құрамасы жалпы есепте 6 медаль (2 алтын, 2 күміс, 2 қола) жеңіп алған болатын. Солардың ішінде А. Айсалбаев АҚШ Гран-приінде «А» класы бойынша «трап» (стенд ату) жаттығуында алтын медаль иеленіп, жоғары дайындығын көрсеткен. Өзінің мергендігімен оқ бойы озық шығып, ел қоржынына бағалы алтынды сала білді. Бұл оның ең жоғары бағаланған сайысы еді.

– Жалпы АҚШ-қа жарысқа бару оңай нәрсе емес. Әуелі қаржылай көмектің дұрыс бөлінуі маңызды. Одан кейін бүкіл елдің атынан бара жатқандықтан, нәтижесіз келуге ұяласың. Мен осы сәтте өзіме нақты мақсат қойып, сол жолда ерінбей еңбек еттім. Қайтсем де алдыңғы шепте болуым керек дедім. Мұндай сәттердің



қайталана бермейтінін түсініп, мүмкіндігімді барынша пайдаланғым келді,- дейді құралайды көзге ататын көзмерген.

Асылханның жетістіктері бұл қос алтынмен шектелмейді. Ол бұған дейін де стенд атудан өткен халықаралық және республикалық жарыстарда бірнеше мәрте чемпион атанып, жүлделі орындардан көрініп жүр. Ал 2025 жылдың тамыз айында өткен Азия чемпионатында әлемдік рекорд орнатты. Жылдар бойы қалыптасқан еңбек пен үздіксіз ізденістің нәтижесінің артында жүйелі дайындық пен білікті бапкерлердің еңбегі жатыр. Асылханның алғашқы бапкері – жоғары біліктілік санатындағы жоғары деңгейлі жаттықтырушы Алексей Константинович Колгин. Ал арнайы құрамаға кіргеннен кейін ендігі дайындығына жеке жаттықтырушысы, жоғары біліктілік санатындағы жоғары деңгейлі жаттықтырушы Максим Владимирович Коломоецжетекшілікетеді.Оданбөлек Қазақстан Республикасының құрама командасының жаттықтырушысы Виталий Витальевич Фокеев халықаралық жарыстар алдындағы дайындық жиындарында спортшының шеберлігін шыңдап, тәжірибесін арттыруға атсалысады.

Бізді Асылханның спорттағы жетістігімен қатар, студенттік өмірге деген жауапкершілігі де тәнті етті. Ол жарыс сапарларында жүрсе де, оқуын естен шығармайды екен. Тіпті, лекция дәптерін өзімен бірге алып жүретін көрінеді. Бос уақытында сабақ жазбаларын толықтырып, университетке оралған бойда жіберіп алған тапсырмаларын орындауға асығады. Студенттің айтуынша, бұл жолда университет оқытушыларының қолдауы зор. Кураторы Абзал Шегенбаевқа ерекше алғысын білдірген ол өзге пән оқытушыларының да түсіністік танытып, «Еліміздің абыройын қорғайтын жігіт» деп қолдау білдіретініне ризашылық танытты.

Жеңіске жету – бір белес, ал сол биіктіктен көріне білу – одан да үлкен жауапкершілік. Асылханның бойындағы имандылық, қарапайымдылық, қайсарлық пен жігер оның болашағынан зор үміт күттіреді. Біз үшін ол – спорттағы биік мақсат пен білімдегі жауапкершілікті қатар алып жүрген өнегелі жас. Алда әлі талай халықаралық дода, бағындырар биік белес бар. Сол жолдарда нысанасы айқын болып, оғы жеңіске бастасын дегіміз келеді.

Жансая ЖҮНІСОВА

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТІҢ БҮГІНГІ БЕЛЕСІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Педагогика және дәстүрлі өнер институтында жарқырап жүрген есімдер көп. Солардың бірі - ПМНО-24-1У тобының студенті Өмірзақ Нұрайым Русланқызы. Нұрайымның студенттік өмірі түрлі ғылыми ізденістермен, шығармашылық жұмыстармен және толымды жетістіктермен ерекшеленеді. Оның ғылыми қызығушылығы, әсіресе, бастауыш білім беру саласындағы цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін зерттеуге бағытталған. Студенттің «Бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілі пәнінен сөз құрамын меңгеру деңгейін цифрлық платформалар арқылы арттыру» атты ғылыми мақаласы «Студенттік ғылым – 2026» XXVIII дәстүрлі студенттік ғылыми конференциясында жүлделі I дәрежелі дипломмен марапатталды. Ғылыми жетекшісі - филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Ерназарова Гүлбаршын Шаршыбекқызы.

Жас зерттеушінің ғылыми жетістіктері мұнымен шектелмейді. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауының университетішілік I кезеңінде де I дәрежелі диплом иеленген болатын. Ал Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде өткен «Үздік студенттік мақала» атты I халықаралық байқауда «Бастауыш сынып пәндерін оқытудағы цифрлық технологиялар және олардың тиімділігі» тақырыбындағы мақаласы үшін III дәрежелі дипломға лайық деп танылды.

Нұрайымның ізденісі педагогика мен цифрлық білім беру аясынан да кең. Ол сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларына арналған өлкетану математикалық есептері бойынша



студенттердің VI халықаралық байқауында «Туған өлкемнің сәулет өнері» номинациясы бойынша II орын жеңіп алды. Ал «Көпмәдениетті әлемдегі педагог» атты III халықаралық комикстер байқауында «Бастауыш мектеп пәндері бойынша ең үздік комикс» номинациясы бойынша III дәрежелі дипломмен марапатталған болатын. Жас студент қоғамдық-мәдени шаралардан да шет қалмайды. Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай ұйымдастырылған «Жастық жалынымыз – сүйікті Отанымызға!» атты республикалық жастардың патриоттық форумы аясындағы жұмыстарға белсене қатысқаны үшін арнайы алғыс хат та алды. Осындай тоқтаусыз ізденістер мен белсенділіктің және сабағында үздік болғанының арқасында Нұрайым 2026 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясына ие болды.

Бүгінде болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде кәсіби бағыт-бағдарын қалыптастырып келе жатқан ол цифрлық технологияларды білім беру үдерісіне тиімді енгізуге қызығушылық танытады. Оның жетістіктері – үлкен мақсатқа бастайтын шағын қадамдардың, табанды еңбектің және ізденіске деген шынайы құштарлықтың нәтижесі. «Бастауыш сынып – барлық білімнің іргетасы. Сол іргетасты цифрлық технологиямен берік еткім келеді», - дейді жас зерттеуші.

Сонымен қатар болашақ педагогіміз бос уақытында кітап оқығанды ұнатады екен. Оған дәлел – Нұрайымның «Кітап оқитын ұлт» жобасына қатысуы. Бұл біз ойлағандай жеңіл қарайтын дүние емес. Әуелі, жоба ұйымдасмтырушылары ұсынған кітапты толық оқып шығасыз. Оқығаныңызды дәлелдеу мақсатында мазмұны бойынша пікір жазғаннан кейін, оны арнайы мамандар тексереді. Онда да пікір растала ғана ұпай беріледі. Кейін келесі кітапты оқуға көшесіз. Осылайша алты айға созылатын байқау аяқталған соң, қатысушылар арасындағы тест жарыстарына қатысасыз. Біз жас ізденушіге алдағы осы сынақтардың бәрінен сүрінбей өтуіне сәттілік тілейміз. Ел көлемінде қолға алынған маңызды бастамада Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Нұрайым Русланқызының үздіктер қатарынан көрініп, оқу орнымыздың мерейін асқақтата берсін дегіміз келеді.

Жансая ЖҮНІСОВА

ЖЫЛҚЫ ЖАЛЫНДА ӨСКЕН ЖАС МЕРГЕН

Заңғар – Жаңақорған ауданына қарасты Әбдіғаппар ауылының тумасы. 2008 жылдың 28 қыркүйегінде дүниеге келген ол көп балалы отбасында тәрбиеленген. Ауылдың қарапайым тіршілігімен біте қайнасып өскен баланың атқа деген әуестігі ерте ояныпты. Әкесі атқа мінуді үйретіп, жылқыға жақын болып өсуіне ықпал етсе, ағаларының ат үстіндегі жаттығулары оның осы спортқа деген қызығушылығын арттырған.

Бұл спорт түрі ат үстіндегі тепе-теңдікті, шапшаңдық пен батылдықты да талап етеді. Шауып келе жатқан тұлпар үстінде нысананы дәл көздеу оңай дүние емес. Жас спортшы осы талаптардың үдесінен шығып, жетістіктерімен бәрімізді тәнті етіп отыр.

– Мен үшін ат үстіндегі әр сайыстың орны бөлек. Мүмкін, жылқыны бала күнімнен жаныма серік еткеннен болар. Әрине сайыс болған соң, жүлдесіз келген кезіміз де болды. Бірақ ондай сәттерде өз-өзімді қайта қолға алып, жеңілістің маған керісінше жігер сыйлайтынын түсіндім,- дейді көзмерген.

Осылайша 2023 жылдан бастап жамбы атумен жүйелі түрде айналыса бастаған Заңғар көп ұзамай өзінің қарым-қабілетін таныта бастаған. Қазіргі таңда Асхан Заңғар – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Жаратылыстану институты ФКС-26-11 оқу тобының студенті. Оның спорттағы жетекшісі – жақында ғана аға жаттықтырушы лауазымына тағайындалған, жамбы атудан спорт шебері Өміртай Ғалымжан Сламханұлы. Жаттықтырушысының бағыт-бағдары мен өзінің табандылығы жас мергеннің жетістіктерге жетуіне үлкен ықпал етіп отыр. Ол әуелі Моңғолияда өткен жастар арасындағы Азия чемпионатында бағын сынап көрді. Бұл уақытта небәрі 17 жаста болған жас мерген аталған додада 2 күміс және 1 қола медаль иеленіп, халықаралық деңгейдегі мүмкіндігін дәлелдеді. Ал 2025 жылы Индонезияда ұйымдастырылған жасөспірімдер арасындағы



әлем чемпионатында үшінші орыннан көрінді. Жас спортшының жетістіктері мұнымен шектелген жоқ. Биыл қазан айының 1-4 күндері Малайзияда өткен Азия чемпионатында ересектер арасында бақ сынап, массай стилі бойынша чемпион атанды. Түрік стилінде күміс жүлдеге қол жеткізді.

Ат үстінде еркіндікке құлаш ұрып, ұлттық өнерді жанына серік еткен жастың жетістігі қашанда қуантады. Ал оның жетістіктерінің артында бала күнгі қызығушылықтан, тынымсыз дайындықтан бөлек Қоянқасқа атты тұлпарына деген ерекше ықыласы жатырса керек. Себебі жылқы мен шабандоз арасындағы үйлесім, бір-бірін сезінуі – жамбы атудың ең маңызды бөлігі. Сондықтан Қоянқасқа жүйрік Заңғардың талай жарыста сенімді серігі бола білді.

– Иә, Қоянқасқа өзімнің кішкентайымнан өсірген атым еді. Маңдайында қасқасы болғандықтан, Қоянқасқа деп атап кеткен едік. Осы тұлпарым өзіме қатты жақын. Бірақ бүгінде белгілі бір себептерге байланысты жанымда жоқ,- дейді спортшымыз.

Десе де ұлттық спортты ұлықтап, халықаралық аренада көк байрақты биікке көтеріп жүрген Заңғардың жеңістері – жас буынға үлгі, үлкен спорттағы жаңа белестерге бастар баспалдақ. Енді осы жолдан таймай, білім мен спортты қатар алып жүрген Заңғардың мергендігі халықаралық деңгейде де танылып, қазақтың атын әлемге паш ете берсін дегіміз келеді.

Жансая ЖҮНІСОВА

БОЛМЫСЫ БӨЛЕК БАТЫЛ ҚЫЗ

Арманға жету үшін міндетті түрде үлкен қаладан мүмкіндік іздеу керек емес. Кейде мақсатқа туған жеріңде жүріп-ақ жол ашуға болады. Мұны өз өмір жолымен дәлелдеп жүрген жастардың бірі – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Ю-23-5 оқу тобының студенті Серік Мадина Бауыржанқызы.

Мадина қаламыздағы Әлия Молдағұлова атындағы №173 мектепті «Алтын белгімен» тәмамдаған. Болашағын прокурорлық қызметпен байланыстыратын қайсар қыз бүгінде Президенттік стипендия иегері. Оның жетістіктеріне көз жүгіртсеңіз, талап пен табандылықтың, білімге деген құштарлықтың ізін байқайсыз. Жоғары оқу орнына түсу кезінде әуелі Алматы, кейін Астана қалаларындағы білім гранттарын да жеңіп алған. Екі ірі қаладан бірдей мүмкіндік бұйырса да, оның таңдауы Қызылордаға түсті. Араға бірнеше ай салып, гранттық негіздегі оқуынан бас тартып, отбасылық жағдайымен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне ақылы негізде оқуға келді. Десе де ол бұл шешіміне еш өкінбейді. Керісінше, туған жерінде де сапалы білім алуға, биік мақсаттарға жетуге толық мүмкіндік бар деп есептейді.

– Мен алғашында Алматы қаласындағы CASPIAN university-не грантқа түстім. Алайда сыртта жүргенде көбіне өз жолыңды өзің табуға тура келеді екен. Сенің оқуыңа алаңдап, жетістікке жетелеу үшін шырылдайтын жан кем де кем. Ал Қорқыт Ата университетіндегі ұстаздарымыздың еңбектерін сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Әр студентіне өз баласындай жандары ашып, бізді үнемі қолдап, бағыт-бағдар беріп отырады. Әрқайсысымыздың жетістігімізге бей-жай қарамайды. Кім білсін, мүмкін мен осында ауысып келмегенімде, Президенттік стипендия иегері болмас па едім...- дейді М.Бауыржанқызы.

Бүгінде оның ізденісі халықаралық деңгейде де бағаланып үлгерді. Қырғызстан Республикасында өткен халықаралық конференцияға қатысып, жүлделі бірінші орынды иеленуі – соның айғағы. Бұл жетістікке жетекшісі



«Құқықтану» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, PhD Мүйденова Әлия Қалжанқызының қосқан үлесі зор.

Мадина болашақта прокурор болуды армандайды. Мұның өзіндік себебі де бар. Айтуынша, Қазақстанның алғашқы прокуроры атанған тұлғалардың бірі – өзінің арғы аталары. Отбасылық тарихындағы осы сабақтастық оның құқық саласына деген қызығушылығын арттырғандай. Алайда бұл мамандықты таңдаудағы басты ұстанымы – шындық пен әділдікке деген адалдығы. Мадинаның болашақ мамандығына қатысты таңдауы оның мінезімен үндес десек те болады. Өйткені ол өз ойын ашық айта білетін қайсар да батыл мінезді. Оны өзімен әңгімелесу барысында да аңғарып қалдық. Жастайынан дзюдо, волейбол, баскетбол секілді спорт түрлеріне қатысып, шыңдалғаны да оның осы таңдауына әсер еткен болар, бәлкім.

Өткен жылы «Құқықтану» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы Ғанибек Отарбаевтың жетекшілігімен М.Бауыржанқызы және университеттің 4 студенті Астана қаласында өткен «Болашақ тергеушілер» республикалық форумына қатысып қайтты. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ұйымдастыруымен өткен республикалық форумға ең белсенді әрі үздік студенттер таңдалынып алынған. Ал мұндағы басты олжа – студенттерге ішкі істер органдарына қызметке шақыру туралы атаулы қағаздарының табысталуы. Осы жолдама негізінде студентіміз оқуын аяқтағаннан кейін бірден жұмысқа орналаса алады. Бұл үшін тек 3 ай арнайы дайындықтан өтсе болғаны.

Иә, бір қарағанда, оның жетістіктері тізбектелген әдемі өмірбаян сияқты көрінуі мүмкін. Алайда әр жетістіктің артында үлкен еңбек, қиын таңдау және шексіз сенім жатыр. Алматы мен Астана қалаларындағы ең айтулы деген жоғары оқу орындарының гранттарынан бас тартып, туған жерінде білім алуы – соның бір көрінісі. Ал Қызылорда облыстық, қалалық прокуратураларында тәжірибелік практика барысымен барған сәтінде белсенділік танытып, әлі өз қызметкерлері алып үлгермеген «Алғыс хатпен» марапатталуы шексіз сенімнің белгісі деп білеміз.

Жансая ЖҮНІСОВА

ТАЛАЙ ЖАСТЫҢ ТАЛАБЫН ҰШТАҒАН ТӘЛІМГЕР

Кез-келген жастың бойында талант та, жалын да бар екені белгілі. Алайда оны бірі байқайды, бірі байқамайды. Сол қабілетті ашып, тұманданған арманының жүзеге асуына бағыт-бағдар беретін тұлғалар бірен-сараң. Олар студенттің өмір жолында кездессе, бақ. Себебі адамды биікке жетелейтін күштің бірі – өзіне сенген адамның бар екенін сезіну. Адам өмірінде атқарған қызметінің биігімен ғана емес, сол қызметте жүріп қанша жастың жүрегіне жол тапқанымен, қаншасының болашағына бағыт бергенімен бағаланады. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінен білім алған талай жастың талабын ұштап, арманына қанат бітірген сондай тұлғалардың бірі – Есенжол Асылбекұлы Назаров.



Есенжол Асылбекұлы еңбек жолын 1994 жылы сол кездегі Қорқыт ата атындағы Қызылорда педагогикалық институтына қарасты «География» кафедрасының оқу шебері қызметінен бастаған. 1995 жылы аталған жоғары оқу орнының химия-биология мамандығында оқуға түсіп, 1999 жылы өте жақсыға аяқтады. Студент кезінен белсенді болған ұстаз 1997 жылы «За будущее Казахстана» (Қазақстанның болашағы үшін) атты республикалық жастар қозғалысының университет бойынша жетекшісі, көңілді тапқырлар клубының қатысушы болды. Химия саласы бойынша Шымкент қаласында өткен республикалық ғылыми конференцияда да көзге түсіп, I орынды иемденді. Осылайша білім мен белсенділікті қатар алып жүрген Есенжол ағай Назаров оқу бітірген жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде Студенттер кәсіподақ комитетінің төрағасы болып сайланды. Кейіннен ректордың жастар ісі жөніндегі көмекшісі, Жаратылыстану және сырттай оқу факультеттерінде декан орынбасары, тәрбие бөлімінің басшысы, тәрбие және жастар саясаты басқармасының басшысы, университет жанындағы колледж директорының тәрбие және өндіріс бойынша орынбасары, тәрбие жұмыстары жөніндегі проректордың орынбасары қызметтерін атқарды. Бүгінде техника ғылымдарының кандидаты Е.Назаров Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Жаратылыстану институты «Биология, география және химия» білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры әрі аталмыш оқу орны Кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін қоса атқарады.

Еңбек жолындағы ең белсенді 1999-2011 жылдарын ағай ерекше еске алады. Бұл жылдары ұстаз ректордың көмекшісі, тәрбие бөлімінің басшысы ретінде жастардың университет өміріне белсенді араласуына, шығармашылық және көшбасшылық қабілеттерін дамытуына, қоғамдық ортада өз орнын табуына ықпал етті. Ол жастармен жұмыс істеудің мәнін іс-шаралар ұйымдастырумен ғана шектемей, олардың тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік жасаудан көрді.

– Көкшетауда (Бурабай аймағында) 2000 жылы Республикалық педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лагерь-семинары (немесе болашақ вожатыйлар мен жас педагогтердің тәжірибелік лагерь-семинары) өткен болатын. Басқосудың негізгі мазмұны – еліміздегі педагогикалық институттар мен университеттердің студенттерін жазғы маусымда балалар лагерьлерінде жұмыс істеуге (вожатыйлық шеберлікке) дайындау, лагерь көшбасшыларын оқыту және жаңа тәрбиелік технологияларды меңгерту еді. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен белсенді студенттер қатысатын. Біздің университеттен 10 белсенді студент барған болатын,- деп еске алады Есенжол Асылбекұлы.

Айта кету керек, бұл республикалық семинар тек педагогикалық жоғары оқу орындарына арналған еді. Алайда Есенжол ағай Назаров ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне дейін шығып, біздің оқу орнында да педагогикалық мамандық бар екенін айта отырып, осы мамандықтағы студенттердің аталмыш семинарға қатысуына бар күш-жігерін салған. Өйткені бұл семинардың болашақ педагогтерге берері көп еді. Семинар бағдарламасы бойынша күндіз студенттер психологиялық тренингтерден, треккинг, спорттық-туристік дайындықтардан өтіп, лагерь бағдарламаларын құруды үйренсе, кешкісін түрлі мәдени іс-шаралар, алау басындағы әндер мен пікірталас алаңдары ұйымдастырылатын. Сол семинарға қатысып келген студенттердің негізінде 2000 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті жанынан университет ректоры Қылышбай Алдабергенұлы Бисеновтың қолдауымен Есенжол Асылбекұлы «Ұлағат ұландары» ұйымын құрды. Оған Гүлжәмила Молдабеккызы Дінисламова жетекшілік етті. Жасақтың атауын сол кездегі университетіміздің тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Бағдат Кәрібозұлы қойған болатын. Ал соның негізінде ұйым студенттік кезеңнен бастап мыңдаған қызылордалық жастардың басын біріктіріп, аймақтағы белсенді волонтерлік және көшбасшылық қозғалыстың негізін қалаған. Бірлестік университет түлектері мен белсенді жастарынан құралған басқару тобы («ұлағаттықтар») арқылы жұмыс істейтін. Онда әр жыл сайын белсенді болған студенттерге жолдама беріліп, олар жазғы тынықтыру лагерлерінде тәлімгер болып еңбек еткен. Сәйкесінше жалақы алған.



Қазіргі жоғары оқу орнындағы Студенттік ректорат, Студенттік деканат және Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары (СӨБ) дәл осы 2000-2001 жылдардағы толқыннан бастау алған. Студенттер өз жатақханаларының мәселелерін шешуге, мәдени шараларды өз бетінше ұйымдастыруға және ректорат алдында студент құқығын қорғауға құқық алды. Ал Қорқыт Ата атындағы ҚМУ сол жылдары әр аптаның бейсенбісін «Өзін-өзі басқару күні» деп жариялап, әр факультеттен сайланған студенттік декандар деканның орнына жұмыс жасайтын.

– Сол заманның студенттері білуі мүмкін, кезінде оқу орны «Студенттік каникул» атты лагерь ұйымдастыратын. Оған 100 студент қатысатын. Бірақ оның құрамына кіру бақыты – екінің біріне бұйыра бермейтін. Сол жастар бүгінде өз алдына бір-бір тұлғаға айналды. Мысалы, университеттің Басқарма мүшесі – Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Уәлихан Ибраев, зерттеуші-профессор Нұрбол Аппазов, PhD Ғани Байұлы, университеттің Жасанды интеллект институтының директоры Нұрлан Құлмырзаев, сондай-ақ «Сыр Медиа» ЖШС директорының орынбасары, «Kyzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігінің бас редакторы Айжан Абдуллаева, ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің басқарма бастығының орынбасары Ақтоты Боранова, Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының ресми өкілі Ержан Алданазаров, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әдеп жөніндегі уәкілі Өркен Алшынбаева, «Қазпочта» АҚ «Инфрақұрылымды басқару дирекциясы» филиалының басшысы Салтанат Төлекова, көлік-логистика саласындағы белгілі сарапшы, кәсіпкер, PhD Ерлан Төлендиев, университеттің «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы Талғат Телеубаев, PhD Көктем Ерімбетов, PhD Ұлболсын Сарабекова, PhD Ботагөз Жарменова, заңгер Арман Мәдиев, Халықаралық «ORDA» жоғары колледжі директорының кәсіптік оқыту жөніндегі орынбасары Айнұр Бекенова, «СК И МОНТАЖ-СТРОЙ» ЖШС директоры Мұхит Төребаев, ҰҚК жауапты қызметкері Әділ Сайлыбаев, «Korkyt Ata Endowment» корпоративтік қорының директоры Маржан Базарханова,Әл-Фарабиатындағы Қазақ ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, химия ғылымдарының кандидаты Гүлбану Жақсылықова, сондай-ақ Марат Алисов, Гүлнұр Жұмашева, Берік Қалдыбеков, Шаттық Әбдіразақов, Марат Рысалиев, Роман Цой, Айгүл Ерболатовалар және т.б. – белсенді студенттердің алғашқы легі еді. Бүгінде олар абыройлы қызметте,- дейді Есенжол ағай.

Олардың әрқайсысы тек белсенді студенттер болып көзге түскен жоқ, бүгінгі болашақтарының алғашқы баспалдақтарын да құрды. Өйткені олар оқу бітіретін кезде сол кездегі университет басшысы Қ.А.Бисенов әрбірінің мамандықтарына қарай отырып, бірін Мәскеуге аспирантураға, бірін Алматы жоғары оқу орындарына оқуға жіберсе, енді бірінің осы білім ордасында жұмыс істеуіне мүмкіндік жасады.

Жалғасы 7-бетте

Басы 6 бетте

ТАЛАЙ ЖАСТЫҢ ТАЛАБЫН ҰШТАҒАН ТӘЛІМГЕР

Иә, университет – білім беретін ғана емес, өздеріңіз көріп отырғандай азамат қалыптастыратын орта. Мұнда жастар мамандық меңгеріп қана қоймайды, өмірлік ұстанымын айқындап, өз мүмкіндігін таниды, қоғамдағы орнын іздейді. Жоғарыда біз атаған жандардың бәрі де өздері қалыптастырған ортада қанаттанып, бүгінде ел игілігіне қызмет етіп жүрген шәкірттер. Бұл – бір кезеңде егілген ізгілік дәнінің жеміс беруі. Бір кездері қолдау көрген жастың енді өзгеге қолдау көрсетуі. Осылайша, тәрбие сабақтастығы бір адамның қызметімен шектелмей, ұрпақтан ұрпаққа жалғасады.

– Оқу орнында 2001 жылы университеттің «Жастар ісі жөніндегі» комитеті құрылды. Оны алғашында көңілді тапқырлар клубының (КВН) ойыншысы, өзіміздің түлегіміз Ерсаин Саутов басқарса, кейін араға 3 ай салып Кәсіподақ комитетінен ауысып мен келдім. Сол жылдары әртүрлі жобалар ұйымдастырдық. Кез келген шараның алдыңғы шебінде жүретін университет белсенділерінің саны арта түсті. Студенттердің өзін-өзі басқаруға қатысты біздің жобаларымызға қызығушылық танытқандар саны еселене түсті. Оқу орындары біздің модельдің негізінде өздеріне осы жүйені енгізе бастады, - дейді Е.Назаров.

Ал осындай үнемі белсенділік танытқан жастардың 2-легінде: белгілі ақын, республикалық деңгейде үш бірдей «Алтын домбыра» иегері, Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының басшысы Мұхтар Ниязов, I шақырылған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаты Шахмардан Байманов, «Әділет» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай, Жастар ресурстық орталығының директоры Руслан Құрманов, елімізге белгілі шоумен әрі тамадалар Нұрлыбек Асанбаев, Құттыбай Сағындықов, Асылхан Дүкенбаев, Бағлан Аманбекұлы және т.б. жүрді.

Иә, шынында да, ұстаз шәкірттерінің бәрі кезінде бойға сіңген тәрбие, берілген бағыттың арқасында ел игілігі жолында еңбек етіп келеді. Нағыз тәлімгердің ерекшелігі де сол шығар – шәкіртін өзіне тәуелді етпей, өз бетінше шешім қабылдай алатын, қоғамға пайдасын тигізетін тұлға етіп қалыптастырды. Бәлкім, кезінде университеттің дәлізінде өткен қарапайым әңгіме, студенттің ұсынысына білдірілген қолдау немесе жауапты істі сеніп тапсыру бүгінгі жетістіктердің бастауына айналған шығар. Мұндай сәттердің нақты нәтижесі бірден байқалмауы мүмкін. Бірақ өздеріңіз көріп отырғандай, жылдар өткенде сол жастардың қандай биіктерге көтерілгенінен-ақ еңбектің шынайы бағасы айқындалып тұр. Сондықтан тәлімгердің ең үлкен мұрасы –өз жолын тапқан, елге қызмет етіп жүрген шәкірттерінде.

Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсариннен: «Егер мұғалім өн бойына, өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса, ол – нағыз мұғалім» деген сөз қалған. Демек, талай жастың үлкен өмірге қанатын қақтырған Есенжол Асылбекұлын – нағыз ұстаз десек артық айтқандық болмас.

Жансая ЕЛУБАЙҚЫЗЫ

КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ – БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІР

Елімізде әр жылдың 25 қарашасында Корпоративтік хатшы күні атап өтіледі. Осыдан тура 6 жыл бұрын 25 қарашада корпоративтік хатшы лауазымы басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына енгізілген болатын.

Бұл кәсіптің тарихы корпоративтік қатынастардың дамуымен, ұйымдардағы өкілеттіктерді нақты бөлу, шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ету және акционерлердің мүдделерін қорғау қажеттілігімен байланысты. Басқару міндеттері күрделенген сайын акционерлер, Директорлар кеңесі және атқарушы орган арасындағы жүйелі өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін маманның маңызы арта түсті.

Бүгінде корпоративтік хатшының қызметі ұйымдастырушылық, ақпараттық және консультациялық міндеттерді біріктіреді. Отырыстарды дайындау, материалдармен жұмыс істеу, шешімдерді ресімдеу, олардың орындалуына мониторинг жүргізу және ішкі құжаттарды өзектендіру корпоративтік рәсімдерді білуді, ұқыптылықты және дербес кәсіби пайым жасай білуді талап етеді. Директорлар кеңесі мүшелерінің қажетті ақпаратты уақытылы алуы және қабылданған шешімдердің орындаушыларға дұрыс жеткізілуі осы жұмыстың сапасына байланысты.

Объективтілік, құпиялылық және іскерлік әдеп ерекше мәнге ие. Корпоративтік хатшы түрлі кәсіби ұстанымдарды ескеріп, сындарлы диалог орнатып, белгіленген қағидаларды сақтай білуі қажет. Оған деген сенім күнделікті жұмыстағы ақпараттың дәлдігі, міндеттемелердің орындалуы және әрбір мәселеге жауапкершілікпен қарау арқылы қалыптасады.

Жоғары білім беру жүйесінде бұл кәсіптің өзіндік ерекшелігі бар. Университет білім беру, ғылыми және қоғамдық қызметті біріктіреді, ал оның шешімдері оқытушылардың, зерттеушілердің, студенттердің, жұмыс берушілер мен жергілікті қауымдастықтың мүдделеріне әсер етеді. Сондықтан корпоративтік басқаруды дамыту академиялық ортаның ерекшеліктерін және жоғары мектептің ұзақ мерзімді миссиясын түсінуді талап етеді.



Өңірлік университет үшін ашықтық, есептілік және жауапкершілік қағидаларын әрбір қызметкерге түсінікті ету аса маңызды. Бұл қағидалар академиялық адалдықтан, әділ бағалаудан, ғылыми нәтижелердің дәйектілігінен, әріптестерге құрметпен қараудан және қызметтік міндеттерді адал орындаудан көрінеді. Осындай күнделікті әрекеттер арқылы корпоративтік мәдениет қалыптасып, ұжымдық рух пен университетке деген сенім нығаяды.

Осы қажеттілік Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Корпоративтік менеджмент және цифрлық трансформация — 2026» өңірлік форумын өткізу бастамасына негіз болды. 2026 жылғы 4 шілдеде өткен форум директорлар кеңестерінің мүшелерін, университет басшыларын, корпоративтік хатшыларды, ішкі аудит, комплаенс және тәуекелдерді басқару мамандарын, мемлекеттік органдардың, бизнес пен сарапшылар қауымдастығының өкілдерін біріктірді.

Басқару, әдеп және цифрлық технологиялар мәселелерін бірлесіп талқылау түрлі ұйымдардың тәжірибесін салыстырып, қорытынды қарарда көрініс тапқан ұсынымдарды әзірлеуге мүмкіндік берді. Форум туралы ақпараттың университет сайтында, теледидарда, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жариялануы осы мәселелерді өңір жұртшылығына кеңінен таныстыруға жол ашты.

Форум өткізу тәжірибесі корпоративтік хатшының кәсіби қауымдастықты дамытуға ықпал етіп, өзгерістердің бастамашысы бола алатынын көрсетеді. Мұндай жұмыс ұйымның күнделікті міндеттерін түсінуден басталып, ынтымақтастыққа, білім алмасуға және жауапты шешім қабылдауға жағдай жасаумен жалғасады. Корпоративтік хатшы күні – осы жүйелі еңбектің маңызын атап өтуге мүмкіндік беретін күн.

Ақмарал ТЕМИРОВА,
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ корпоративтік хатшысы

«СҮЙГЕНІМ СЕН БОЛМАСАҢ, СҮЮДІҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ»

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Сыр түлегі» газеті 1992 жылдан бастап шығып келеді. Сол уақыттан бері үзбей жарияланып отырған басылымды студенттер арасында одан әрі таныту және оларды газетімізбен жақынырақ таныстыру мақсатында білім алушылар арасында сауалнама жүргізген болатынбыз. «Егер дәл қазір ұнатып жүрген адамыңа бір ғана хабарлама жіберуге мүмкіндік берілсе, не жазар едің?» деген сауалды қойып, жауап беру үшін әр оқу ғимараттарына арнайы QR-кодтар айтқым келіп жүрген бір нәрсе бар. Шынымды айтсам, саған қалай жазарымды, әңгімені неден бастарымды білмей жүрмін. Кейде адам біреуді ойлап, оның хабарламасын күтеді екен. Сен де мен үшін сондай адамсың. Мүмкін, бұл сөздерім саған күтпеген жерден көрінер, бірақ сенімен жақынырақ танысып, көбірек сөйлескім келеді» деп ағынан жарылғандар да болды. «Сенімен сөйлескен сайын көңілім көтеріліп, күнім әдемірек өтеді. Мұны сезіп жүрсің бе, білмеймін, бірақ сен мен үшін жай ғана адам емессің. Кейде айтылмай қалған түсіретіндей. Бірі өткенге оралғысы келсе, енді бірі өміріндегі ерекше жаңға алғысын айтқысы келеді. «Сен – жүрегім үнсіз таңдаған ең әдемі сезімсің» деген жауаптан осыны байқадық. «Махаббат туралы өлеңімді жіберер едім» деген жауаптан соң, шынымен 4 шумақ өлең де келіпті.

Таптым-ау деп шын қуандым расында,
Ойлап едім мәңгі болар қасымда.
Аяқсыз қалған біздің хикаямыз

Соңында емес, бітіп қалды басында,- деп аяқсыз махаббатын көрсетті.





көрсетілген ақпараттандыру парақшаларын жабыстырған едік. Сондай-ақ кюар кодтарымыз онлайн таратылып, студенттерден анонимді түрде жауап алынған болатын. Жүргізілген сауалнамамызға барлығы 86 студент қатысыпты. Жауаптардың арасында махаббат та, сағыныш та, өкініш те, өлең де, әзіл де бар. Ал енді бірі бір ауыз сөзін айтуға да батылы жетпейтінін жасырмаған.

сөздердің өзі көп нәрсені білдіреді ғой...», «Я буду любить тебя в каждой вселенной», «Мен сені ұнатамын», «Қанша жасырғым келсе де, сезімімді жасыра алмадым», «Мен сені жақсы көремін», «Сені сағындым», «Ұнатамын», «Өзіне жаза алам ғой» деп шын сезімін мойындай алған батыл студенттеріміз де болды.

Осылайша кейбірі сезімін жасырмай білдірсе, енді бірі әзілге бұрып, жауап беруден жалтарды. Қалжың аралас пікірлер де келді. «Өзіне жаза алмаймын», «Ешкімді ұнатып жүрген жоқпын», «Мен ешкімді ұнатпаймын», «Ешқандай адамым жоқ», «Дым», «Арманыңа жетуді тілеймін», «Білмеймін ешкім ұнамайды», «Жазбаймын», «Ешкімге», «Ұнататын адамым жоқ» деп сезімін білдіруге келгенде батылдық таныта алмай жүрген, әлі сүйіктісін кезіктіре қоймаған студенттерімізді көргендейміз.

Кейде адамға бар болғаны бір ғана жылы сөз жетпей жатады. Бірақ сол хабарламаны жазуға жүрек дауаламайтын сәттер де болады. Сондықтан сүйіктіңіз сізге хабарласпаса, «мені ұмытып кетті» немесе «өзге сүйіктісін жолықтырған болар» деп алдын ала болжам жасауға асықпаңыз, керісінше алғашқы қадамды жасауға батылы жетпей, жүрегі дауаламай жатқан болар деп ойлап көріңізші.





Келіп түскен жауаптардың кейбірі тұтас бір оқиғаның қысқаша мазмұнындай әсер қалдырды. «Сені қатты жақсы көремін», «Сенімен сөйлескен сайын көңілім көтеріліп, күнім ерекше бола түседі» деген жауаптардан шынайы сезімнің лебі еседі. Тіпті бір студент әлі кездеспеген адамына арнап: «Сәлем! Біз әлі кездескен жоқпыз, бірақ мен сенің бар екеніңді білемін. Мен өз жолыммен жүріп, өзімді дамытып, сенімен кездесетін сәтке дайындалып жүрмін. Саған айтар әңгімелерім, көрсеткім келетін әдемі жерлерім өте көп. Кездескенде бір-бірімізді бір көргеннен танимыз деп сенемін. Өзіңді күт, жақында көріскенше!» деп жазған. Бұл сөздерден болашаққа деген үміт пен әдемі қиялдың қатар өрілгенін аңғаруға болады. Сондай-ақ «Мен саған көптен бері

Ал «Сүйгенім сен болмасаң, сүюдің қажеті жоқ» деген сөз бір адамға деген адалдықты аңғартқандай. Енді бірі сезімін сөзбен жеткізудің орнына, сағынышын білдіруді жөн көрген. «Бұрынғымды сағындым», «Бар болғаның үшін рақмет» деген қысқа жауаптардың өзі талай естелікті еске

Жауаптардың әрқайсысы бір адамның ішкі әлемінен шыққан шағын сыр. Бірі айта алмаған сөзін сауалнама арқылы жеткізді, бірі сезімін әзілмен бүркемеледі, енді бірі ештеңе жазбауды таңдады. Бәлкім, осы сауалнамаға жауап бергендердің арасында дәл қазір біреуден хабар күтіп жүргендер де бар шығар. Ал біреулер үшін сол бір хабарламаны жазудың өзі үлкен батылдықты қажет етеді. Қалай десек те, кейде ұялы байланыс құралы арқылы бір ғана қысқаша хабарлама (СМС) жіберу екі адамның арасындағы үнсіздікті бұзуы мүмкін. Тек оны жіберуге жүрек дауаласа болғаны…

Жансая ЕЛУБАЙҚЫЗЫ

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп, №KZ29VPY00077786 куәлігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Н.С. БАЙҚАДАМОВ -
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры
Н.А.САҚТАҒАНОВА -
Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор
У.С.ИБРАЕВ -
Басқарма мүшесі-Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры

Жауапты редактор:
Жансая Елубайқызы

Техникалық редактор:
Асқар Махашов

Сыр Түлегі
жастар газеті
1992 жылдың наурызынан бастап шығады

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.